

*Медициналық-статистикалық
құжаттар. Аурудан сақтану
және салауатты өмір сүру
қалыптастыру*

СӨЖ

*Орындаған: Джубаев А.
Қабылдаған: Жанибекова М.
Группа: ЖМ-320*





Жоспар:



- 1) *Статистика. Медицаналық статистика түрлері*
- 2) *Медициналық құжаттар*
- 3) *Медико-статистикалық ақпараттық жүйесі*
- 4) *Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері*





Кіріспе:



Статистика– қоғамдық ғылым, ол қоғамдық құбылыстардың сандық және сапалық өзгерістерінің өзара байланысын зерттейді. Статистиканың салалары өте көп. Мысалы өнеркәсіп, ауылшаруашылық статистикасы, т.б





Статистикалық жиынтық



*бақылау бірліктерінен тұрады,
оларды арнайы әдіспен
қалыптастырады. Әрбір бақылау
бірлігінің бірнеше белгілері болады,
алайда тіркеуге тек қана
зерттеудің мақсатына жетуге
қажетті белгілері ғана алынады.*



Медициналық статистика



Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.



Медициналық статистиканың негізгі мақсаттары:




- Халық денсаулығының өзгерушілігінің ерекшеліктерін анықтау және оған әсер ететін факторларды табу;
- Емдеу-сауықтыру мекемелерінің санын, жұмысының нәтижелерін, емдеу-сауықтыру мекемелерінің тиімділігін, дәрігерлердің және басқа медицина қызметкерлерінің жұмысын зерттеу;
- Тәжірибелік, клиникалық, гигиеналық және лабораториялық жұмыстардың нәтижелерін анықтау.





Медицинал ық- статистика



**Халық
денсаулығының
статистикасы**



**Денсаулық
сақтау ісінің
статистикасы**

Медициналық статистикада статистиканың өзге салаларына қарағанда «Үлкен сандар» заңдылығын жиі қолданады. Ол мынандай жағдайларда кездеседі:



→ Аз көлемдегі бақылауды жүргізгенде;

→ Орта керсеткіштерді сараптап, олардың арақатынасын анықтауда;

→ Зерттеулер өте аз бақылауға сүйене жүргізілген жағдайда.



Денсаулықты сақтау статистикасы бірнеше тармақтарға бөлінеді. Олар:



емдеу - алдын-алу
мекемелерінің
статистикасы

медицина
қызметкерлерінің
статистикасы

әйелдердің босануына
көмектесетін және
денсаулығын қорғайтын
мекемелерінің
статистикасы

санитарлық және
эпидемияға қарсы
күресетін мекемелер
статистикасы

балалар мен
жасөспірімдердің
денсаулығын
қорғайтын
мекемелер
статистикасы



Тұрғындардың денсаулығын анықтау барысында олардың саны мен құрамы, өсімі мен өмірінің ұзақтығы, жеке аурулардың таралуы, мүгедектің деңгейі және жеке адамдардың физикалық дамуы туралы деректерді жинап зерттеу жүргізеді. Оның барысында денсаулыққа қоршаған ортаның зиянды заттарының тигізетін әсерін анықтайды. Осы корреляциялық байланыстарды жете білу денсаулықты



**2006-2009 жылдардағы облыстағы 100000 тұрғынға есептегендегі
туберкулезбен аурулық саны**

Облыстар атаулары	2006	2007	2008	2009, Іжарты ж.
Қазақстан Республикасы	132,1	126,4	125,5	105,5
Ақмола	167,3	155,1	172,8	167,0
Ақтөбе	163,4	145,4	124,4	116,4
Алматы	106,0	98,7	100,5	99,6
Атырау	204,4	181,9	157,3	142,4
Шығыс-Қазақстан	144,1	138,3	129,0	132,0
Жамбыл	126,8	120,6	115,6	83,4
Батыс Қазақстан	171,9	159,8	142,9	129,4
Қарағанды	145,6	136,7	118,4	109,0
Қостанай	150,4	148,8	146,7	121,4
Қызылорда	193,7	167,1	154,3	131,8
Манғыстау	166,0	157,9	152,7	163,8
Павлодар	163,1	147,5	141,1	109,6
Солтүстік Қазақстан	167,2	167,2	156,2	129,0
Оңтүстік Қазақстан	82,2	86,2	88,9	88,8
Алматы	65,2	72,2	83,3	82,6
Астана	111,3	128,3	218,2	223,4


№ П	Нысанның атауы	Нысанның нөмірі	формат	Құжат түрі	Сақталу мерзімі
1	Науқастарды қабылдау және емдеуге жатқызудан бас тартуларды есепке алу журналы	001/у	A4	Журнал 96 бет	25 жыл
2	Туберкулезбен ауыратын науқастың мед. кар.	ТБ 01/у	A4	Дәптер 26 бет	5жыл
3	Обылыста туберкулезді тіркеу журналы	ТБ 03/у	A4	Журнал 48 бет	5жыл
4	Жөнелтпе құжат	ТБ 20/у	A4	Бланк	3 жыл
5	Жүкті, босанатын және жаңа босанған әйелдерді қабылдауды есепке алу	002/у	A4	Журнал 96 бет	50 ж
6	Стационарлық науқастың мед картасы	003/у	A4	Дәптер 8 б	25 ж
7	Жүрек қан тамырларына операция жасаудағы операция кезеңінің картасы	012/у	A4	Дәптер 4б	25 ж

8	Психиатриялық стационардан шыққан адамның статистикалық картасы	066-3/у	A4	Бланк	50 ж
9	Босану тарихы	096/у	A4	Дәптер 8б	25 ж
10	Нәрестенің даму тарихы	097/у	A4	Дәпетер 8б	25 ж
11	Нәрестелер бөлімшесінің журналы	102/у	A4	Журнал 96б	5 ж
12	Онкологиялық стационардан шыққан адамның статистикалық картасы	066-2/у	A4	Бланк	50 ж
13	Туу тарихы	096/у	A4	Дәптер 8б	

Аймақтың аурулығын зерттеуге арналған ЕПМ-нің тіркеу құжаттары

Құжат түрі	Жалпы аурулық	Госпитализация ланған	Инфекциялық
Тіркеу құжаттары (емдеуші дәрігер)	<ul style="list-style-type: none"> •Қорытынды диагнозды тіркеуге арналған стат. талон •Амбулаторлық науқас картасы •Амбулаторлық науқас мед.картасы 	Стационардан шыққанның стат.картасы	Жедел тамақтан, кәсіби улану <ul style="list-style-type: none"> •Амбулаторлық науқастың бірегей талоны •Жұқпалы ауруды тіркеу журналы
Жинақ тіркеу құжаттары (статистик)	Жинақ тізімдемесі	Жинақ тізімдеме	Күнделікті, тоқсандық, айлық мәліметтер
Жыл бойынғы есептеу	ЕМ қызмет ету аймағындағы аурулық саны	Стационар қызметі жайлы есептеме	Жұқпалы ауру санының жылдық есептемесі

Құжат түрі	Кәсіби	Жұқпалы емес аурулық	УЕЖ аурулығы
Тіркеу құжаттары (емдеуші дәрігер)	<p>Жедел: жедел мәлімдеме</p> <p>Созылмалы: созылмалы кәсіби ауру туралы мәлімдеме</p> <ul style="list-style-type: none"> •Кәсіби ауруды тіркеу картасы •Кәсіби ауруларды тіркеу журналдары 	<p>Өмірінде алғаш рет анықталған белсенді туберкулез, тері-венерологиялық аурулар, психикалық ауру, ісік жайлы мәлімдеме</p>	<p>УЕЖ біткендігі жайлы талон</p>
Жинақ тіркеу құжаттары (статистик)	<p>Тоқсандық, жарты жылдық мәліметтер</p>	<p>Тоқсандық, жарты жылдық мәліметтер</p>	<p>Күнделікті, тоқсандық, айлық мәліметтер</p>
Жыл бойынғы есептеу	<p>24 ф. есептеме</p>	<ul style="list-style-type: none"> •Қатерлі туынды жайлы мәлімдеме •Белсенді туберкулез ж.м. •Психикалық бұзылыс ж.м. •Наркологиялық тәуелділік ж.м •ЕПМ аймағындағы аурулық жалпы саны 	<p>Жыл бойындағы УЕЖ себептері</p>




Медико-статистикалық ақпараттық жүйесі (СТАЖ)



ҚР Денсаулық сақтау бірыңғай ақпараттық жүйелерінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. СТАЖ – і денсаулық сақтау ұйымына жүгінген пациент туралы алғашқы кейінге ақпараттарын жинау, сақтау және өңдеу міндеттерін, табылған ауру, осы пациентке көрсетілген медициналық қызмет, өткізілген емдеу-диагностикалық шаралар, медициналық ұйымдарда пациентті емдеу процессінде тікелей тағайындалған және тұтынылған емдік құралдар туралы мәселелерді шешеді. Алдын ала емдеу шараларының орындалуына жоспарлау және мониторингті қолдайды.





СТАЖ негізі кейіптеу деректері жиынынан тұрады:

- Медициналық ұйымдарға халықты бекіту туралы;
- Пациенттер туралы;
- Олардың денсаулық сақтау ұйымдарына жүгінуі;
- Табылған науқас;
- Медициналық қызмет көрсету;
- Емдеу-диагностикалық шараларын өткізу;
- Медициналық қызмет көрсету процессінде емдік құралдарды тағайындау және тұтыну





Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері



Салауаттану — тұтасымен алғанда жеке тұлғаның, қоғамның, табиғаттың денсаулығы туралы ғылым. Адам денсаулығы тән, дене, психологиялық, имандылық-адамгершілік және әлеуметтік денсаулықтар құраушының өзара байланысы мен өзара үйлесімді әрекеттерінен қалыптасады. Кез-келген өзара әсер әрекет етуші ретінде де, жауап беруші ретінде де анықталады.

Әлеумет себепші болған аурулар санының өсуіне, адамның әлеуметтік биологиялық мәні арасындағы қарама — қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты — салауаттанудың пайда болуы заңдылық. Салауаттану ғылымы аурудың алғашқы алдын алу әдіснамасын, денсаулықты сақтау және нығайту амалдары мен әдістерін зерттейтін салауатты өмір салтын қалыптастырудың ғылыми негізі болып табылады.

Салауаттанудың рөлі — адамның ішкі биологиялық табиғатымен, өзін қоршаған тірі және өлі табиғатпен өзара әсері сапасын өзгерту, киіпжынның көзін жою болып табылады.



Денсаулық қатерінің негізгі факторлары — қозғалыс күшінің кему сақдарынан қимылдың кемуі (гиподинамия), дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің кең таралуы. Салауаттану ғылымы қандай амалдардың жәрдемімен денсаулықты сақтап, нығайтуға болатынын егжей-тегжейлі түсіндіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:



- жеке және қоғамдық гигиена;
- дене шынықтыру, гиподинамиямен күрес;
- организмді жаратылыс-табиғи факторлармен — су, ауа, күн жарығымен және т.б. шыңдау;
- дұрыс және уақтылы тамақтану;
- жұкпа аурулардың алдын алу;
- тән ауруларынан сақтандыру;
- жарақаттанудан, уланудан, т.б. сақтандыру;
- зиянды әдеттерден (темекі тарту, алкоголь, есірткілік улы заттарды) сақтандыру;
- жыныс гигиенасы;
- психопрофилактика және психогигиена;
- кикілжің және денсаулық.





Салауаттанудың негізгі мақсаты — әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі **мақсаты** – балалар мен жастарда жас ерекшеліктеріне, құндылық бағдарларына және имандылық-еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру.

Бұдан мынандай міндеттер туындайды:

- салауатты өмір салтының әдістерін үйрету;
- өз денсаулығына қоғамдық игілік, қоғамның рухани құндылығы ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- негізгі гигиеналық дағдыларға төселдіру;
- осы заманғы ауру түрлерімен және оларды алдын алу шараларымен таныстыру.



Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты (СӨС) ұғымында толығырақ айтылады.

Осы заманғы ғылым мен әдістемеде **салауатты өмір салты** — бұл адамның еңбек әрекетімен, тұрмысымен, материалдық және рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру түрімен, жеке тұлға және қоғамдық мінез-құлық ережелерімен сипатталатын тіршілік әрекетінің белгілі типі туралы түсініктерді кіріктіретін биоәлеуметтік санат. Жеке тұлғаның өмір салты алуан түрлі, бірақ негізінен үш нышанға негізделеді:

- өмір сүру деңгейі;
- өмір сүру сапасы;
- өмір сүрудің өзіндік жолы.



Қорытынды:



Адам денсаулығы, ең алдымен, өмір сүрудің өзіндік жолына тәуелді. Ол тарихи, ұлттық дәстүрлермен (діл) және жеке бас бейімділігімен (кейіпкер) анықталады.

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты (СӨС) ұғымында барынша толық айтылады, СӨС-тың негізі салауаттану ғылымы болып табылады. Салауатты өмір салты адамның денсаулығы үшін қолайлы жағдайларда кәсіптік, қоғамдық және тұрмыстық қызметтерін орындауға себепші болатындардың барлығын бірлестіреді. СӨС жеке тұлғаның және қоғамдық денсаулықтың қалыптасуы, сақталуы және нығайтудағы жеке тұлғаның іс-әрекеттеріне бағыт береді.

Пайдаланған әдебиет



Биологиялық статистика. Адам және Қоғам денсаулығы
М. Гильманов, А. Соловьева, Л. Әбшенова. – Алматы. 2006.

[ISBN 9965-34-927-4](#)

Белоусов .В. “Здоровый образ жизни” — Москва: Издательство
Московского университета: Наука, 2005. — [ISBN 5-211-04965-9](#)

Голиченков В.А., Иванов Е.А., Никерясова Е.Н.

“Общее здравоохранение” — Москва: Издательский центр
«Академия», 2004. — [ISBN 5-7695-1168-0](#)

Голиченков В.А., Иванов Е.А., Лучинская Н.Н.

Практикум по показателю жизни селений — Москва: Издательский
центр «Академия», 2004. — [ISBN 5-7695-1330-6](#)

